

10-тақырып. «Ауа райы»

Күнделікті радиодан, теледидардан ауа райы туралы хабарламаны тыңдауға болады. Ауа райы әр жерде әртүрлі болады. Мысалы, бір жерде күн ыстық, ашық болса, екінші бір аймақта жаңбырлы, бұлтты, келесі бір жерде ала бұлтты. Ауа райы тез өзгеріп отырады, оған жер бетіндегі ауаның ауысуы әсер етеді.

Ауаның қасиеті қалыптасқан аймағының ерекшелігіне байланысты болады. Күн сәулесі аз түсетін поляр аймақтарында ауа қатты салқындаса, экватор, тропикте ауа жақсы қызады. Мұхит үстіндегі ауа ылғалды, құрлықтың ауасы құрғақ болады.

Ауа райының элементтері мен құбылыстары. Атмосфера қысымы, температура, ылғалдылық – ауа райы элементтері болып саналады, ал жауын-шашын, жел, тұман, бұлт – ауа райы құбылыстары.

Ауа райының жай-күйі тек қана бір белгісіне, айталық, температураға немесе бұлттылыққа ғана емес, барлық элементтер мен құбылыстарының жиынтығына қарап анықталады. Мысалы, ауа райына суық, салқын деп анықтама беру жеткіліксіз. Салқын ауа райы желді, бұлтты, жаңбырлы, бұлыңғыр болуы мүмкін. Ауа райы тәулік ішінде өзгеріп тұрады. Ауа райының толық сипаттамасын беру үшін алдымен оны түзетін элементтер мен құбылыстарға метеорологиялық бақылау жүргізу қажеттілігі туындайды.

Ауарайы метеорологиялық өлшемдермен (температура, қысым, жел, ауа ылғалдылық, бұлттылық, атмосфералық жауын-шашын) және атмосфералық құбылыстармен (тұман, найзағай, боран, дауыл, т.б) сипатталады. Ауа райының өлшемдері мен құбылыстары өзара байланысты. Жер бетіндегі ауа райының өзгеруі тіршілікке, табиғатқа елеулі ықпал жасайды.

Жер шарының әр аймағының өзіне тән ауа райы болады. Мысалы, Қазақстанның орталығында қыс аязды, қарлы боранды, жазы ыстық, құрғақ болып келеді. Экватор маңында жыл бойы ыстық, ылғалды болса, поляр аймақтарының қысы суық, аязды, жазы бұлыңғыр, салқын болады. Ауа райының мұндай сипаттары жыл сайын қайталанып отырады.

Климаттың негізгі элементтеріне *атмосфералық қысым, ауаның ылғалдылығы мен температурасы, атмосфералық жауын-шашын*, т.б. жатады.

Жер бетінің мұхиттарға жақын аймақтарындағы қоңыржай белдеулерінде қысы жылы, жазы қоңыр салқын, жауын-шашынды болады. Ал құрлықтың орталығында климат құрғақ, қысы суық, жазы ыстық, континенттік типті климат қалыптасады.

Сөздік минимум

| | |
|-------------|----------------|
| хабарлама | сообщение |
| аймақ | регион, зона |
| күн сәулесі | солнечный свет |
| жаңбырлы | дождливый |
| бұлтты | облачно |

| | |
|-------------------|----------------------|
| атмосфера қысымы | атмосферное давление |
| ылғалдылық | влажность |
| құрлықтың ауасы | воздух континента |
| құрғақ болады | становится сухим |
| анықтама беру | дать определение |
| құбылыстар | явления |
| толық сипаттамасы | полное описание |
| тұман | туман |
| найзағай | |

Мәтінге тапсырма:

1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, аударыңыз.

2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңыз.

3-тапсырма. Мәтіннен ауыспала осы шақта тұрған етістікті табыңыз, сын есімдерді теріп жазып, мағынасына қарай ажыратыңыз.

5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойыншы көршіңізбен сұхбат құрыңыз.

6-тапсырма. Төмендегі ақпаратпен танысыңыз. Мәтінді оқып аударыңыз.

Ауа райының түрлері

Дауыл – циклон және тайфун ретінде белгілі осы үлкен құйындататын борандар ғимараттарды қиратып, жоларды бұзады.

Күннің күркіреуі – жылы ауа жоғарыға қарай көтеріліп салқындаса, үлкен бұлттар жоғарыға қарай өсе бастайды. Осындайда боран болуы мүмкін және қатты жаңбыр жауады.

Су тасқыны – төтенше ауа райынан туындайтын кез келген басқа сұрапыл апатты құбылыстармен салыстырғанда, су тасқыны көптеген зардаптарға әкеледі.

Бұршақ – жаңбырлы бұлттарың арасында пайда болып, боран кезінде жауады. Әдетте олардың өлшемі жасыл бұршақтың көлеміндей болады.

Торнадо – жер бетімен қозғалатын және жолында барлығын қирататын әуе құйыны.

Сөздік минимум

| | |
|------------------|------------|
| дауыл | буря |
| құйын | вихрь |
| күннің күркіреуі | гром |
| су тасқыны | наводнение |
| бұршақ | град |